



ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАМЫЗҒА -24 ЖЫЛ

Тәуелсіз болудағы абыройымызбен мақтанышымыз саналатын теңгеміздің дүниеге келгеніне биыл 24 жыл. Тәуелсіздікке енді қол жеткіздік дегенде, өз валютанымызды да қоса шығаруымыз – үлкен жетістік болғаны анық. Әрине, теңге қазақ тарихындағы алғашқы ақша емес. Еліміздің территориясында ақша бұдан мыңдаған жылдар бұрын қолданыла бастаған. Оқымыстылардың зерттеулеріне үңілер болсақ, Қазақстан территориясында ақша саудасының жақсы дамығанын байқауға болады. VII-VIII ғасырлардың өзінде-ақ Отырар мен Сырдарияның орта бөліктерінде түрік билеушілері өз монеталарын шығара бастады. IX-X ғасырларды саманидтер еліміздің оңтүстігінде мыстан жасалған фельстерді (араб сөзінен алғанда - монеталар) айналымда қолданды. Отырар мен Испиджабта монета сарайлары жұмыс істеді.

(Басы. Соңы 3-бетте)

АЛАШ АРДАҚТЫСЫНА АРНАЛДЫ

Жақында оқу ордамызда Мемлекет және қоғам қайраткері, тұңғыш дипломат Нәзір Төреқұловтың туғанына 125 жылдық мерей тойына арналған «Алаштың асыл перзенті» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Маңызды шараны ұйымдастыруға Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ұйытқы болды. Айтулы шараға алыс-жақын шет елдерден тарихшы ғалымдармен қоса, Сыртқы істер министрлігінің ерекше тапсырмалары жөніндегі елшісі Жалғас Әділбаев, Сауд Арабиясы мемлекетінің араб-орыс ақпарат орталығының директоры, профессор Маджид ибн Абдуль-Азиз ат-Турки, Премьер-министр Кеңесі үкіметтік ресми басылымдарының бас редакторы, жазушы-драматург Жолтай Әлмашұлы, қоғам қайраткері Қуаныш Айтханов және Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Ұласбек Сәдібеков қатысты.

(Басы. Соңы 2-бетте)

ЯСАУИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН

Жуырда ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, «ТҮРКСОЙ» Халықаралық Ұйымы және Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бірлесуімен «ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы ұйымдастырылды.

Конференция жұмысына Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Моңғолия, Ресей Федерациясы және отандық ғалымдар мен музей ісінің 30-дан аса мамандары қатысты.

Конференцияның мақсаты - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы және «Түркістан-түркі әлемінің мәдени астанасы» жылы аясында киелі жерлерді таныту, тарихи-мәдени мұраларымызды сақтау, насихаттау арқылы келешек ұрпақ кәдесіне жарату, түркі халықтарының рухани пірі Қожа Ахмет Ясауи мұраларының түркі халықтары тарихындағы орны мен рөлі және отандық музей саласындағы өзекті мәселелерді сараптау, талдауға арналған.

(Басы. Соңы 2-бетте)

ЖЫЛЫТУ ҚАЗАНДЫҚТАРЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи

№16 (443) 15 ҚАРАША 2017 ЖЫЛ

ЖАСТАР ЖАҒАНДЫҚ ДАМУҒА ҮН ҚОСТЫ



Жуырда, университетімізде «Түркістан Халықаралық БҰҰ моделі - 2017» конференциясы өтті.

Шара ұйымдастырушысы – ХҚТУ «Жастар орталығына» қарасты «Халықаралық қатынастар» клубы (IKTU International Relations Club).

БҰҰ Моделінің негізгі мақсаты – қазіргі күні әлемде орын алып жатқан өзекті мәселелер, халықаралық қатынастардағы жаңалықтар, дипломатия секілді салалардағы БҰҰ жұмысын модельдеу. Бұл шара – жастардың белсенді азаматтық ұстанымын дамытуға, белгілі коммуникативті дағдыларды қалыптастыруға және студенттердің көпшіліктің алдында сөйлеу қабілетін арттыруға көмектесетін оқу факультативті тәжірибелік тренинг. «Turkestan Model-UN» бұл – әртүрлі елдерден, университеттерден келген студенттер арасындағы

мәдени, ғылыми байланыс, және пікірталас, келіссөздер жасау секілді дипломатиялық тәжірибе жиынтығы. «Turkestan Model-UN» бұл – жастарды халықаралық мәселелерден хабардар болуға, жаңа инновациялық ұсыныстар жасасуға өз септігін тигізеді.

Конференцияның ашылу салтанатына даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент М.Эрен және Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы профессор М.Топлу қатысып, конференция жұмысына сәттілік тіледі.

Сондай-ақ, Қазақстанның біршама ЖОО-наң, мектептерден 80-ге жуық жастар қатысты. Шымкент қаласының «Назарбаев зияткерлік мектебі», «Мирас» университеті, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚО-ның Қарабұлақ орта мектебінің өкілдері келді.

«Түркістан Халықаралық

БҰҰ моделі» жұмысы 2 комитет бойынша ұйымдастырылып, қызу пікірталасқа толы қызықты дебаттарға жалғасты. Озық ойлы жастар әлемдік мәселелерді қозғады.

«Бас Ассамблея» комитеті орыс тілінде «SDGs 3-ті іске асыру: Орталық Азия елдерінде жақсы денсаулық пен әл-ауқатқа қолжетімділікті қамтамасыз ету» тақырыбын, ал ЮНЕП (БҰҰ экологиялық бағдарламасы) ағылшын тілінде «Орталық Азиядағы қоршаған орта мен су проблемаларын шешу» тақырыбын қорғады.

Екінші рет өткізіліп жатқан отырыс жоғары деңгейде өтті. Қатысушылар тәжірибесін шыңдап, ресми келіссөздер жүргізуді үйреніп, маңызды қарар қабылдап, жаһандық өзекті мәселеге өз үндерін қосты.

ОҚУ ОРДАМЫЗ ҮЗДІКТЕР ТІЗІМІНДЕ

17 қазан күні QS Quacquarelli Symonds компаниясының зерттеуі бойынша жасалған әлемдік QS EЕCA 2017 рейтинг нәтижелері жарияланды. Оқу ордамыз үшінші рет QS EЕCA «Дамушы Еуропа және Орталық Азия» рейтингінің тізіміне енді. Рейтингке Ресей, Болгария, Румыния, Чехия, Польша, Венгрия, Түркия, ТМД елдерінен 2938 ЖОО қатысуға құжат жіберген. Үздік университеттер тізіміне ілінген жалпы 300 ЖОО арасынан біздің университетіміз 173-ші орынды иеленді!

QS рейтингі әлемдегі жоғарғы білім беру кеңістігінің картинасын жасау және белгілі аймаққа топтастырылған ЖОО-ның жаһандық потенциалын анықтау мақсатында жасалады. QS EЕCA рейтингі алғаш рет 2014 жылы жарияланған. Рейтинг нәтижелері арнайы әдістемелер бойынша есептеледі және мынадай негізгі 9 индикатор назарға алынады:

— ғылыми академиктер арасындағы бедел (30%);

- жұмыс берушілер арасындағы бедел (20%);
- оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер ара-қатынасы (15%);
- шетелдік оқытушы-профессорлар құрамының үлесі (2,5%);
- шетелдік студенттер үлесі (2,5%);
- ОПҚ-ның публикациялық белсенділігі (10%; Scopus/Elsevier деректер базасы бойынша 1 оқытушы жариялаған еңбектер саны)
- ғылыми жарияланымдар дәйексөздері (5%; Scopus/Elsevier деректер базасы бойынша бір мақалаға шаққандағы дәйексөз саны)
- ғылыми дәрежелі қызметкерлер үлесі (5%);
- интернет-ресурстар тиімділігі (10%, Webometrics рейтинг көрсеткіші).

Аккредитация және рейтинг орталығы

БОЛАШАҚ - ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

УНИВЕРСИТЕТ
СТУДЕНТТЕРІНІҢ
ҮНІ

e-mail: a.yassau@mail.ru

университеті

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

Маңызды мәселелер талқыланды

Жақында «Қоғамдық ғылымдар және журналистика» кафедрасының меңгерушісі А.Малдыбек, профессор Б.Сердәлі, 3-курс студенті Н.Нышанбай Алматы қаласында ЖОО журналистика кафедралары оқытушыларының, БАҚ өкілдерінің қатысуымен «Қазақстанның медиа кеңістігі: қазіргі заманғы шындық» тақырыбында өткен дөңгелек үстелге қатысып қайтты.

Іс-шараны Бас редакторлар клубы мен SUCCESS K стратегиялық байланыстар агенттігі бірлесіп ұйымдастырды. Ондағы мақсат — БАҚ-тағы манипуляция, журналист кадрларын әзірлеу, саналы жалғандықтар, әлемдік фейк мониторингі, журналистік этика мәселелерін талқылау. Бас қосу барысында телеарналарды неге өртістер мен әншілер жаулап алды? теориялық білім алған маман жур-

налистер неге жұмысқа тұра алмайды? кадрларды жұмысқа орналастыруда орталықтандырылған мониторинг жүйесі неге үзілген? болашақ журналистерді ВОУД емтихандарымен сынақтау дұрыс па? сынды көптеген толғақты мәселелер қозғалды.

Дөңгелек үстелге қатысушылар Бас редакторлар клубының президенті Е.Бекхожиннің, «Мектеп баспасының» директоры Е.Сатыбалдиевтің, SUCCESS K стратегиялық байланыстар агенттігінің атқарушы директоры А.Төкеннің, Медиа Альянс қоғамдық ұйымының құрылтайшысы А.Шураевтың, Білім және ғылым министрінің кеңесшісі М.Тайкенованың, ЖОО-лардан қатысып отырған өкілдердің журналист кадрларын даярлау проблемаларына қатысты маңызды пікірлерін тыңдады.

Студенттер сайысы

Ғылыми кітапхананың конференц залында стоматология факультетінің ұйымдастыруымен «I am SMART» атты интеллектуалды сайысы өтті. Сайыс мақсаты — студенттердің білім, білік дағдыларын анықтау, шапшаң ойлау, танымдық қабілеттерін арттыру, өздерін еркін ұстай білуге үйрету.

Жиынға стоматология факультетінің деканы, доктор, профессор Ю. Түркөз, ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Г. Шерімбетова, «адам патологиясы» кафедрасының оқытушысы

Б.Жақыпов, «хирургиялық және балалар жасындағы стоматология» кафедрасының оқытушысы Б. Ерназарова және басқа да оқытушылар мен студенттер қатысты. Байқау жүргізушілері Балжан Әуелбек пен Данияр Әмірзақ кештің шырайын кіргізді. Сайыста «StuDent», «White Power», «StomaDent» топтары 5 бөлім бойынша бақ сынасты: «Білім алаңы», «Жүзден жүйрік», «Полиглот», «Адам жанашыры — дәрігер», «Логикалық есеп».

Тартысты сайыс нәтижесінде I орынды «White Power» (Ақ күш) тобы, II орынды «StomaDent» тобы, III орынды «StuDent» тобы иеленді.

Құқықтық сауаттылық – заман талабы

Сенат залында Оңтүстік Қазақстан облыстық Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен «Жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру» тақырыбында семинар-тренинг өтті.

Кездесуге жастар орталығының басшысы А. Исмаилов, М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Қылмыстық құқық криминалогия» кафедрасының аға оқытушысы Ж.Ибраев, ОҚО өкім аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ Қоғамдық көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру бөлімінің маманы С. Байзақова және Түркістан қалалық ішкі істер басқармасының өкілдері Қ. Рахман, А.Жаңбырша, Н. Ақылбеков, Б. Асанов және студенттер қатысты.

Қатысушылар қоғам алдында жастардың құқықтық сауаттылығын және мәдениетін арттыру бойынша күрделі мәселелері мен құқықтық білімнің маңыздылығын талқылады. Жастардың құқықтық сауаттылығын және мәдениетін арттыру ол оқу

орындарының міндеті ғана емес, мемлекеттік органдардың да міндеті. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесі қазіргі заман талабына сай өмірде болып жатқан өзгерістерге байланысты жаңарып отыруы тиіс. Жас ұрпақты адамгершілікке баулып, патриоттық тәрбие беру, ынталандыру және еңбекке баулу жайы айтылды. Бас қосудағы мақсат - жастар арасындағы қылмыстық құқықтық алдын алу. Дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, еңбекқор сынды қасиеттерді қалыптастыру талқыланды. Аталмыш іс-шаралар жастар арасында құқықтық сауаттылық деңгейін арттырып, жастарды сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеуге тәрбиелеп, жемқорлықтың кез-келген көріністерімен бірлесе күресудің маңыздылығын насихаттауға бағытталды. Маңызды жиыннан жастар қажетті мағлұматтар алып, тарасты.

Болашақ дәрігерлер білім сайысында

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев халыққа жолдауында, «Болашақ жастардың қолында, дамыған мемлекеттер секілді жастарды бәсекелестікке баулу, әлемдік деңгейдегі сапалы әрі халыққа тиімді қызмет көрсететін дәрігерлерді дайындау» деген болатын.

Осы жолдауға үн қосып отырған Медицина факультеті, «Жалпы хирургия» кафедрасының тәлімгері Е.Тележанов және ЖМ-202 (F) топ студенттерінің ұйымдастыруымен «Intellectual students of clinic» атты

тақырыптық сайысын өткізді. Клиникалық пәндерден өткен бұл сайыста «Хирургтар» тобы, «Терапевтер» тобы, «Педиатрия» және «Травматологтар» топтары бақ сынасты. 3 кезеңнен тұратын білім жарысында 1-орынды «Хирургтар» тобы жеңіп алды.

Студенттер арасында бәсекелестікке, сабақтан тыс қоғамдық жұмыстарға баулып, білімдерін шыңдайтын сайысты ұйымдастырғаны үшін Е.Тележанов факультет деканының Алғыс хатымен марапатталды.

АЛАШ АРДАҚТЫСЫНА АРНАЛДЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Облыс әкімінің орынбасары Ұ.Сәдібеков Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаевтың құттықтау хаттарын оқыды. Сондай-ақ осындай құттықтауды Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов та жолдапты. Онымен жиылған жұртты өз кезегінде Сыртқы істер министрлігінің ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі Ж.Әділбаев таныстырды. Конференция басталмас бұрын қонақтар алаш ардақтысы Н.Төреқұлов жайлы «Қазақстанның алғашқы дипломаты» атты деректі фильмді тамашалады. Сондай-ақ Нәзір жайында түсірілген деректі фильмде оның жоқтаушысы болып, қыруар жұмыстар атқарған марқұм Ыбырай қажы Исмайылдың да есімі аталмай қалмады.

Нәзір Төреқұловтың тек қазақтың ғана емес, жалпы Орта Азиядан шыққан алғашқы дипломаты екенін ғылымдар жарыса айтты. Сонау 1928-1936 жылдар аралығында КСРО-ның Сауд Арабиясындағы елшісі Н.Төреқұловтың екі елдің арасына алтын көпір болып, өз елінің беделін көтерген абзал жанның ұлт руханиятына сіңірген ұшан-теңіз еңбектері де конференция жұмысының арқауы болды. «Нәзір Төреқұлов тек қазаққа ғана емес, Орта Азия халықтарына ортақ тұңғыш кәсіби дипломат. Ол сонымен қатар тұңғыш баспагер-редактор. Мәскеуде «Шығыс Күншығыс» баспасымен бірге «Темірқазық» журналын да ашқан. Нәзірдің жазған «Жаңа әліпби», «Жаңа әліпби неге керек?» және «Ұлт мәселелері және мектеп» атты оқулықтары өз алдына бір төбе. Ғалым ретінде де өзін таныта білді. Оған дәлел «Жат сөздер туралы», «Ұлы ма, жоқ ов па?» атты көлемді мақалалар жазғанын айтуға болады», - деді Премьер-Министр Кеңесі Үкіметтік басылымдарының бас редакторы, жазушы-драматург Ж.Әлмашұлы. Сонымен бірге ол 1989 жылы республикалық «Халық

Кеңесі» газетінде «Біз Нәзірді білеміз бе?» атты мақала жазып, кәсіби дипломаттың өмірі мен шығармашылығының зерттелуіне өз үлесін қосқанын да назардан тыс қалдырмады. Конференция жұмысы «Нәзір Төреқұловтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің тарихы», «Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі және Нәзір Төреқұлов», «Қазақстан дипломатиясы және Нәзір Төреқұлов», «Нәзір Төреқұлов – журналист, баспагер және ғалым-лингвист» бағыттары бойынша жалғасты.

Елші Ж.Әділбаев Халықаралық Н.Төреқұлов атындағы қайырымдылық қор президенті Ә.Сапарбаевқа, университет ректоры У.Әбдібековке «Қазақстанның дипломатиялық қызметіне – 25 жыл» мерекелік төсбелгісін табыстады. Халық қалаулысы Қ.Айтаханов Н.Төреқұловтың есімін өскелең ұрпақтың жадында қалдыру мақсатында бірқатар маңызды мәселелерді айтып өтті. Сыртқы істер министрлігі ғимаратының алдына Нәзір Төреқұловтың ескерткішін орнату, Қазақстан Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясындағы Дипломатия институтында және басқа да университеттердің халықаралық қатынастар факультеттерінде оқитын үздік білімгерлерге Нәзір Төреқұлов атындағы шәкіртақы тағайындау, тұңғыш қазақ дипломаты жайлы көркем фильм түсіру сияқты маңызды мәселелерді қозғады.

Пленарлық мәжілісте еліміз бен шетелдерден келген ғалымдар баяндама жасады. Мемлекет және қоғам қайраткері, тұңғыш дипломат Нәзір Төреқұловтың мерей тойына арналған жиын оның артында қалған ізі Әнел Нәзірқызының бейітіне гүл шоқтарын қойып, құран бағыштаумен және Р.Сейтметов атындағы Түркістан сазды-драма театрында саяси қуғын-сүргін құрбандары мен Нәзір Төреқұловқа арналған драмалық қойылымдарды тамашалаумен жалғасты.

ЯСАУИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің директоры Н.Ахметжанов конференцияны ашып, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедиялының құттықтау хатын оқыды. ТҮРКСОИ Халықаралық ұйымы ҚР МСМ өкілі А.Тұрғанбаев, Ресей Өнертанушы-сыншы ассоциациясының мүшесі Л.Саттарова, Түркістан қаласы әкімінің орынбасары Ф.Рысбеков ізгі тілектерін білдірді.

ТҮРКСОИ Халықаралық ұйымының өкілі филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Асқар Тұрғанбаев аталған конференцияның ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен тәжірибені арттыруға маңызы зор екендігін айта келе, Ясауи мұрасының адамзат игілігіне айналуына Түркі елі ғалымдарының да сүбелі үлес қосатынына сенім білдірді. ТҮРКСОИ ұйымы атынан қорық-музей директоры Нұрболат Қадырұлына кәдесый тарту етіп, еңбекке биік белестер тіледі.

Пленарлық отырыспен ба-

стау алған басқосуда Ресейдің өнертанушылар қауымдастығының мүшесі Лилия Саттарова «ТЮРКСОИ и взаимодействие музея тюркского мира» тақырыбында баяндама жасаса, ТҮРКСОИ халықаралық ұйымы және Бурса муниципалитетінің қолдауымен шығарылған «Еуразия музейлеріндегі костюмдер коллекциясы» кітабының тұсаукесер рәсімін өткізіп, қорық-музей қорына өз тартуын салтанатты түрде табыстады.

Конференцияға қатысушылар «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен Түркі-Ислам өркениетінің сабақтастығы», «Рухани жаңғыру және Түркістан», «Киелі, қасиетті жерлер, мәдени туризм және музей ісі» сынды үш бағыт негізінде баяндамалар оқып, тың ойларын ортаға салды. Онда Қожа Ахмет Ясауи мұраларының түркі халықтары тарихы мен әлемдік өркениеттегі орны, зерттелу мәселелері, өмірі мен шығармашылығы зертделініп, сондай-ақ, Отандық музей саласындағы кейбір көкейкесті мәселелер сарапталып, талданды.

ӘЛЕУМЕТ

РУХАНИ ЖАҒЫРУ-
ЗАМАН ТАЛАБЫ

Президенттің “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” аты мақаласы жарық көргелі бері бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қаншама мақала жарияланды. Қоғамда үлкен талқыға түскен Елбасы Жолдауына әркім-ақ өзіндік пікірін білдіріп жүр. Мұнда рухани ой-толғауда ұлттық құндылықтарымызға, елдік мақсат пен мемлекетіміздің ұлттық құрылымдары, қазақ елінің ұлттық мұраларын жаңғырту жайлы сөз болды. Яғни, ұлттық кодты сақтап қалу өте маңызды. Себебі, тамырынан айырылған бейтараптың жапырақ жаймайтыны белгілі. Ұлттық код, мәдениет сақталмаса, ешқандай өзгерістің болмайтыны белгілі.

Рухани жаңғыру бүгіннен басталған дүние емес. Бұған дейін де тарихи – мәдени ескерткіштер жаңартылып, елімізге қатысты тәлкектер мұрағаттан ізделіп зерттелген болатын. Алайда, бұл жаңғырудың тек бастамасы еді. Рухани жаңғырудың үлкен бір бөлігі рухани сананы өзгерту. Яғни, алға жылжу үшін ұлттың дамуына кедергі келтіретін кертартпа тұстардан арылуымыз керек. Демек, бәсекеге қабілетті, ұлттық бірегейлік, білім, сананың анықтығы басты жолда болмақ.

Бүгінде оқу-білім, ғылым үшін жастарға барлық жағдай жасалған. Мектеп табалдырығын аттағаннан бастап үш тілді үйрету, “Болашақ бағдарламасымен” жастарды шет елдерге оқыту, түрлі курстар мен үйірмелер – бұлардың барлығы жастардың жарқын болашағы үшін жасалып жатқан дүние, сондай – ақ дамыған отыз елдің қатарына өну үшін зор мүмкіндік. Компьютерлік сауаттылық, білім, білім алушылар үшін жасалып жатқан жағдайлардың барлығы рухани жаңғыру. Жастардың оқу- білімге құштарлықтары артқан сайын, сананың анықтығы пайда болады.

Табысты болудың ең іргесі – білім. Қазақстанның әрбір азаматы сананың анықтығын өз алдына міндет етіп қойса, алға жылжу болады. Сонымен қатар, патриоттық сезімді жоғары қою керек. Өйткені, әрбір азамат өзінің елі мен жерін сүйіп, ұлттық құндылықтарға көзінің қарашығындай сақтаған кезде ғана еліміз қарыштап дамиды болады. Бұндай жағдайлар еліміз үшін өте пайдалы болмақ. Жастарымыз білектен көрініп, өлем жұртшылығына таныс болып, еліміз үшін ерінбей еңбек етсе нұр үстіне нұр болмақ.

Мақсат айқын, бағытымыз белгілі. Жастар үшін тек ынта мен күш – жігер болса жеткілікті.

Сәуле ФАРХАТҚЫЗЫ,
4 – курс студенті

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАМЫЗҒА - 24 ЖЫЛ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ақша айналымында мусей-яб, мухаммад және штриф сияқты дирхем (мыстан жасалған монета)



түрлері жүрді. Себебі, XIII ғасырға дейін, қараханидтер мемлекетінің тұсында, қалалар жылдам өсті. Тауар өндірісі мен сауда қарқын алды. Күмістің жетіспеушілігінен монета сарайлары мыстан жасалған монеталарды айналымға шығарумен болды.

Ұсақ немесе жеке саудада мыстан жасалған фельстермен есеп айырысатын еді. Алтын монеталардың да айналымда жүргенін зерттеу нәтижелерінен байқауға болады. Қажет болған жағдайларда монеталарды кесектерге бөліп пайдалану да орын алып отырды.

XIV ғасырдың соңынан бастап Қазақстан аумағында Әмір Темірдің монеталары айналымда жүре бастады. Сонымен қатар, қазақ қалаларында сауданы қамтамасыз ету үшін Бұхара, Самарканд, Ташкент, Ахса, Шахрухий және Хисар сияқты шаһарлардан алынған мыс динарлар қолданылды.

Қазақ ақшасының аталуы өз бастауын тереңнен алады. XV ғасырдың басында Отырар мен оның төңірегінде негізгі номиналы таңға, төрттен бірі – мири, ал он екіден бір бөлігі таңғача деп аталатын күміс монеталар қолданыста болды.

Яссы, Саураң, Сығанақ және Сайрам қалаларында XV ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басына дейін монета сарайлары үзіліссіз жұмыс істеді. XVIII ғасырдың орталарынан бастап, Қазақстанда Қоқан мен Ташкент хандықтарының және орыстардың монеталары пайда бола бастады. XIX ғасырдан бастап тек орыс ақша бірліктерімен ғана сауда

қатынастары жүргізілді.

Сонымен, тәуелсіз еліміздің ұлттық валютасының өмірге келуін өткен қаржы дәстүрлерінің қайта жандануымен байланыстыруға болады. «Тенге» атауының өзі де таңға



сөзімен байланысты болып отыр.

Егемен еліміздің төл теңгесінің шығуына келер болсақ, тәуелсіздігімізге 1991 жылы қол жеткізгенімізбен, валютамыздың өмірге келуіне тек 93-ші жылдың 15 қарашасында ғана мүмкіндік алдық.

Әрине, оған сол кездегі ресейлік тараптың біздің елді рубль аймағынан шығаруға ұмтылуы, ТМД-ның басқа да мүшелерінің сол уақытта ұлттық валютасын жасап үлгіруі және тағы да басқа нәрселер әсер етті.

1993 жылдың 13-қарашасында кешкі жаңалықтарда Елбасымыз ұлттық валютаның енгізілетін айтты. Ал Ұлттық Банктің төрағасы алмастыру тәртібі мен техникалық мәселелерді әңгімелеп берді. Бұл еліміздің тарихындағы ерекше күн болды. Сонымен, теңгеміз 1993-ші жылдың 15 қарашасынан өз өмірін бастап кетті. АҚШ долларымен есептегендегі алғашқы бағамы 4,75 теңгені құрады. Жаңа шыққан теңге 500 кеңес рублін алмастырды.

Теңгеміз өзінің 24 жылдық айналымында еліміздің экономикасының өркендеуі үшін қажетті екендігін дәлелдеді. Өз ақша бірлігін айналымға шығару еліміздің егемендігін айқындай түсті. Ұлттық валютаның шығарылуы нарықтық экономиканы қалыптастыра алатын құрылымдық қайта құруларды жылдамдатты.

Осы аралықта еліміз қаржы секторының барлық бөлімдерінде де құрылымдық өзгерістер жүргізіліп, құқықтық базасы қалыптастырылды. Қазақстанның қаржы жүйесінің

қазіргі жағдайы ТМД елдерімен салыстырғанда дамыған, ашық және мемлекеттің араласуынан қорғалған деуге болады.

Еліміздің банк жүйесі банк қызметіндегі халықаралық

стандарттарға жауап бере алады. Елдегі қаржы нарықтарының инфрақұрылымы жолға қойылған. Төлем жүйесінің көрші елдермен салыстырғанда ілгері екендігін халықаралық қаржы ұйымдарының кеңесшілері мойындап отыр. Қаржы жүйесіне алдыңғы қатарлы ақпараттық технологиялар енгізілуде. 2003 жылдан бері Қазақстанның барлық банктері қаржылық есеп берудің халықаралық тәртіптері бойынша жұмыс істеуде. Осының бәрі төл валютамыздың жетістіктері. Валютамыздың арқасында елдегі даму тұрақтана түсті, халықаралық сахнада республикамыздың имиджі жақсарды.

Тәуелсіздік жылдары теңгеміздің бағамы көп өзгерді. Ел экономикасының даму кезеңдеріне қарай құлдырады да, көтерілді де. Экономикалық өсім кезеңдерінде теңгенің нақты бағамы тұрақталып отырды. Сондықтан, ұлттық валюта тәуелсіздігіміз бен дербестігімізді паш ететін негізгі фактор. Әрине, экономикасы дамыған, тамыры тереңде жатқан мемлекеттердің валютасымен теңесе алмайтынымыз айқын. Жаңадан қадамын тіктеп келе жатқан еліміздің асар белестері көп. Олай болса ұлттық валютамыздың дәурені алда деп ойлайық.

Қ.ҚАЛЫҚҰЛОВ,
экономика кандидаты,
доцент

ЖЫЛЫТУ ҚАЗАНДЫҚТАРЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Күн суытып, күз келді. Әнеміне дегенше қылышын сүйретіп қыс келеді. Ауа-райы күрт суытып, университет ішінде «Жылу қашан беріледі?» - деген сұрақ екеуара диалогқа айналды. Шынында да оқу ордамыздағы жылу қазандықтарының қысқы маусымға дайындығы қалай екен? Жылу қашан берілетін? Барлық ақпаратқа қол жеткізу үшін біз техникалық қызметтері департаменті директоры Қайрат Төреханұлымен сұқбаттасқан болатынбыз.

- Сәлеметсізбе! Университет нысандарын жылытатын қазандықтар жөнінде айтып берсеңіз.

- Бізде университет ғиматтарын жылумен қамтамасыз ететін 4 қазандық бар. Оның ішінде жылыту қазандықтарының саны 19. Негізгі мемлекеттің бекітуі бойынша жылу маусымы 15-қазан мен 15-сәуір аралығы. Біз университетке қарасты жатақханаларға жылу беруді 16 қазаннан бастадық. Біздің «Самал»

мөлтек ауданындағы жанұялық жатақханасы қаланың жылу жүйесіне қарайды. Қала 1- қарашадан бастап жылу беруді бастады. Оқу ғимараттары мен басқа нысандарға 13-қарашадан бастап жылу берілді. Себебі: біріншіден елімізде жанар-жағар май тапшылығы сезілді. Баға күрт өсті. Сұйық отынды жеткізуші фирма келісілген мерзімнен бірнеше күнге кешікті. Осы келеңсіздіктерге байланысты университет ректоры және де комиссия құрамындағы бірнеше басшымен кеңестік. Жылуудың әр ғимаратқа әр қилы уақытта берілуінің мәні осында.

- Еліміздегі әлеуметтік нысандар газ және көмір отынымен жылытылады. Біздің жылыту қазандықтарында отынның қай түрі қолданыста?

- Біз көмірмен жылытпаймыз. Әрине, 1996 жылға дейін көмір қолданыста болды. Қазір сұйық отынмен жылытылады. Сұйық отын жылуды тез береді. Жұмыс күші аз. Күнде бір оператор жұмыс істейді.

Жанар-жағар май қоймасы бар. Солярка 500 тонналық ыдыста тұрады. Машиналармен әкелініп, арнайы ыдысқа құйылады. Ары қарай жылыту қазандықтарына тасылды. Тендерден жеңген фирмаға ай сайын тапсырыс береміз. Бізде барлығы бақылауда. Келген майды қабылдап алу үшін комиссия құрамы бекітілген. Комиссия құрамында 7 кісі бар. Олардың қызметіне құжаттарды тексеру, солярканың сапасын анықтау кіреді. Осы істің басы-қасында жүргеніме 4 жыл болды. Басшылық қызметіне келместен бұрын материалдық және жанар-жағар май қоймаларында, сондай-ақ шаруашылық бөлімінде жұмыс істедім.

- Жылу жүйесіне жауапты жұмысшылар саны қанша? Қызметкерлер қысқы және жазғы маусымда немен айналысады?

- Қазандықтарда 52 қызметкер жұмыс істейді. Операторлар 24 сағат жұмыс істеп, 3 күн демалады. Жоғары және төменгі температураларды ауа-

райының ысып, суытуына байланысты жүргізіп отырады. Сондай-ақ түнгі кезекші бар. Кезекшілік кезінде инженерге автотұрақтан мәшине бөлінеді. Ол қазандықтарды аралайды. Егерде қандай да бір мәселе туындай қалса, тиісті қызметкерлерге ақпарат береді. Бір сөзбен айтқанда кезекші кешкі сағат 19:00-ден таңғы сағат 9:00-ге дейін келеңсіз мәселенің тез шешілуін қадағалаушы. Жылу маусымына дайындық жұмыстары жазда жүргізіледі. Операторлар үлкен қазандықтарды тазалаумен қатар жылыту құрылғылары мен бірқатар құбырларды жөндейді. Кейде университеттің қосымша жұмыстарын атқарады. Мысалы, көгалдандыру аймақтарында 10-ақ адам жұмыс істейді. Көктемде 52 гектар жерге ағаш егу, гүл отырғызу маусымы басталады. Осы кезде біздің жігіттер көмекке барады. Бұл бізде «асар» деп аталады.

Сұқбаттасқан:
Гүлдана ҚАРАБЕКОВА

ЛАТЫН ӘЛІПБИ

ЖАҢА АЛФАВИТ ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ЖАҢА КӨРІНІСІ

Латын әліпбиіне көшу туралы мәселе тәуелсіздік алған жылдардан бері көтеріліп келеді. 2006 жылы Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», — деген еді.

«Қазақстан-2050» стратегиясында латын тіліне 2025-жылы толық көшетіміз туралы кесімді сөз айтылды. Мемлекет басшысының айтуынша, тіл туралы жауапкершілігі жоғары саясат қоғамымызды одан әрі ұйыстыра түсетін басты фактор болуға тиіс. Сондықтан алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру табандылықпен жалғасады. «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл - ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз», - деді Н. Назарбаев.

Жалпы алфавит ұғымына, оның жақын орналасқан түркі тілдес елдердегі алфавиттің қолданылуы туралы тарихына шолу жасайық.

Алфавит сөздің дыбыстық өрнектелуін жеке дыбыстық элементтерді бейнелейтін символдар

арқылы өрнектетін анықталған тілді жазбаша белгілеу жүйесі. Көптеген елдердегі алфавиттік жазудың таралуына гректер ықпал етті.

Өзбекстан, Түркменстан, Азербайжан елдерінің алфавит ауыстыру туралы тарихын зерделеу де аталған елдердің XX ғасырдың басына дейін араб жазбасын пайдаланғандығы, 1920-1926 жылдардың шамасында барлығында дерлік латынша жазуға өту идеяларын іске асыруға талпыныс жасағандары байқалады. Дегенмен, 1939 жылы КСРО ықпалын күшейту мақсатында кириллицаға ұлттық тіл дыбысталуын ескеріп толықтырулар арқылы өту туралы бұйрық беріліп алфавит кириллицаға өтті.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдары тәуелсіздік алған елдерде (Өзбекстан, Түркменстан, Азербайжан) біртіндеп латыншаға өту туралы мемлекеттік деңгейде қаулы қарарлар қабылданып, іске асырыла бастады.

Қазақ кириллица алфавиті Қазақстан мен Монғолияда пайдаланылады. С.А.Аманжолов жасаған және 1940 жылы қабылданған бұл алфавит 42 әріптен тұратындығы белгілі. Олардың ішінде Ә, І, Ң, Ғ, Ү, Ұ, Қ, Ө, Һ сияқты әріптер ұлттық тіл ерекшеліктеріне байланысты енгізілген.

X ғасырдан XX ғасырдың басында Қазақстан территориясында араб әліппесі қолданылды. Бұл алфавитте 29 әріп болды және «Хамза» белгісі пайдаланылды. Араб алфавитін кескіндеу парсы стилінде орындалды, сөздер оңнан солға қарай жазылды. 1924 жылы қазақ фонетикасы ерекшеліктеріне сәйкес түзетіліп, 1929 жылы Яналиф латын алфавитіне ауыстырылды.

Араб жазуынан латыншаға өту мәселесі 1924-1927 жылдар

аралығында қызу талқыланды. Негізгі талқылаулар латын алфавиті әріптері қазақ тілінің ерекшеліктерін толық көрсете алуына байланысты өрбіді.

Араб графикасын алғашқы ғылыми негізделген қазақ тілінің араб алфавитін — «Төте жазу» авторы А.Байтұрсынов қолдады. Бұл алфавит шетелге қоныс аударған қазақтар арасында әлі күнге дейін қолданыста.

Латын алфавитіне өтуді қазақ лингвисті Тельжан Шонанов араб алфавитіндегі сөздердегі әріптердің орналасуына қарай түрліше белгіленуін, араб алфавиті белгілерін арнайы мәтіндер үшін (ноталар, ғылыми еңбектерде формулалар жазуда) пайдаланудың қиындығы туралы тұжырымдары арқылы латыншаға өту қажеттілігі туралы пікірлерді қолдайтындығын білдірді.

Қазақ тілі үшін араб жүйесінің тиімдігі еместігін көрсететін негізгі фактор фонетикалық ұлттық өзіндік ерекшеліктерді көрсете алмауы мен мәтін терушілердің жұмысын қиындату болды.

1939 жылдары қазақ кириллицасына өткен ұлттық алфавитті латыншаға ауыстыру туралы идеялар ел тәуелсіздік алғаннан кейін қайта көтеріле бастады. Осы жылдың қазан айында мемлекеттік деңгейдегі ұзақ талқылаулар мен ғылыми дәлелденген тұжырымдаулардан соң Елбасы Н.Ә.Назарбаев жаңа қазақ алфавитін бекітті.

Жаңа алфавитте 25 белгі (әріп) берілген. Дыбыстарды берудің үш тәсілі бекітілген: 1 дыбыс — 1 белгі; 1 дыбыс — 2 белгі; 1 дыбыс — диграфты жүйе.

1917 жылғы жаңа алфавитте 8 диграф ұсынылған: Ә — ае, Ө — ое, Ү — ие, Ң — нг, Ғ — ғһ, Ү — үһ, Ш — шһ,

Ж — жһ. Арнайы әріптер «'» белгісі жазылды (Диграфта — екі әріптің бірігіп бір дыбысты өрнектеуі).

Компьютерлердің пайда болуына байланысты қазақ әріптерін кодтау проблемасын шешу қажет болды. Операциялық жүйелер мен Юникод қолдауына ие мәтіндік редакторлардың таралуына дейін бұл мәселе шешімін таппады. Бұған қолдау таппауы мен қазақ кириллицаның стандартты компьютерлік қаріптердің болмауы әсер етті. Осыған орай, қазақ кириллицасын 8-биттік кодтаудың 20-дан аса нұсқалары мамандар тарапынан ұсынылды. DOS үшін 8-биттік (1 байттық) кодировкаға сәйкес Мемлекеттік СТ РК 920-91 стандарты және MS Windows үшін СТ РК 1048-2002 қабылданды. Ал қазіргі кезде UTF-8 кодировкасы қолданылады. Арнайы қазақ әріптері, негізгі цифрлық пернелермен қабаттастырылып орналастырылған.

Ал биылғы қабылданған алфавитте мұндай мәселелердің орын алмайтыны қуантады.

Тәуелсіз елдің төл белгілері әнұраны, туы, ұлттық теңгесі болса, келесісі ұлттық алфавиті. Жаңа алфавит үлгісінің бекітілуі, үкіметті ғана емес қатардағы қарапайым қызметкерлерден бастап, білімгерлерге дейін алда көптеген жаңашыл жұмыстардың күтіп тұрғандығын көрсетеді. Дегенмен, жұмыла көтерген жүк жеңіл екендігін ескерсек, бұл белесті де мемлекет тұтас ел болып еңсеретіміз белгілі.

Г.Ниязова,
Компьютерлік ғылымдар
факедрасының меңгерушісі,
Педагогика ғылымдарының
кандидаты

ЖАҢА ӘЛІПБИ – ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Ғылыми кітапхананың конференц-залында Филология факультетінің ұйымдастыруымен «Латын әліпбиінің лингвистикалық негіздемесі» тақырыбында ғылыми семинар өтті. Семинардың сыйлы қонағы А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбек.

Ғылыми семинарда Филология факультеті қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі Гүлімжан Жылқыбаева Фонолог Әлімхан Жүнісбектің өмір жолынан сыр шертті. Ағаның латын әліпбиінің жаңа нұсқасын жасауда рөлі зор екендігін алға тартты. Университетіміздің оқу-ісі жөніндегі вице-президенті Н.Әжіханов Ә.Жүнісбекке алғыс білдірді. Әрі «Ясауи» төсбелгісін кеудесіне тақты. Филология факультетінің деканы Нұрсәулет Қонарбайқызы болса, қазақтың оюлы шапанын иығына жауып, жүректарды ақ тілегін білдірді. Кездесуде фонолог: «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру туралы жарлыққа қол қойылды. Бірақ, мұнымен іс біткен жоқ. Әлі алда атқарылатын

шаруа шаш-етектен» - деді. Себебі әліпби қолданысқа енген соң, түрлі мәселелер туындайды. Жаңа емле-ережелер құрастырылады. Арнайы оқулықтар дайындалады. Әліпби ауыстыруда үш деңгейден өту қажет. Әуелі — әліпби, екінші — таңба, үшінші — емле-ереже деңгейі. Егер бір әліпби құрамын өзгертетін болсақ, онда таңба мен емле-ережелерге өзгеріс енгіземіз. Таңбаға өзгеріс енгізетін болсақ, емле-ережеге тигізетін әсері жөнінде ойлануымыз керек. Бұл — тіл мамандары мен әдіскерлердің шешетін мәселесі. Арамызда тіл мамандары отыр. Жаңа нұсқаға аздаған немесе бірқатар өзгерістерді енгізу керек деп ойласаңыз, өз ұсынысыңызды бірнеше мекемеге жіберуге болады. Олар Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы және Ақ орда деп сөзін аяқтады. Семинар соңында ғалымға студент жастар, оқытушылар тарапынан түрлі сұрақтар қойылды. Көрермен ерекше әсерге бөленіп, түйткілді мәселенің түйіні уақыттың еншісінде деген ой түйді.

БАЛА КӨҢІЛІ НЕМЕСЕ АНАҒА ДЕГЕН САҒЫНЫШ

Кеше кешкісін көп ойландым. Сол жақ кеудемдегі жұдырықтай жүрегімді қан жылатып, көңілімді толғандыратын ауыр сезімдер келді. Сырт бейнеге күшті, яғни сабырлы, байсалды көрінетін Дидар бір сәт өзін әлсіздік әлеміне жіберді. Ол-жанарына қараңғылық түнерген жанындағы жақсылардан үміт үзгендей көңіл толқынында жүзді... Бұл бөлкім әлсіздік емес, жай ғана ер мінезді қыздың анасына деген сағынышы болар!

Бес күндік өмірдің жалғандығын енді ұғынғандаймын. Тарабы мен саласы сансыз тармаққа бөлінетін мына өмір мені неге жетімеқ қылдың? Сірә, маған берген Алланың сынағы бо-

лар... Жас журналист қыздың қолынан қалам тербегеннен басқа не келсін.

Анамның мейірімі, жан-жағына өз шуағын ұзағынан төгіп жүргенде ғой... Сол шуағымен жылынып, бойыма нұр алып, асыл анамның құшағында мейірімге толы көңілің сезінсем ғой, шіркін!

Әкемнің қас-қабағын бағып, менің және артымнан еріп келе жатқан бауырларымның амандығына алаңдап отыратын ана сіз қайдасыз қазір?! Жан анам, ақ анам, ардақтым сіздің жылы бейнеңізді енді көру маған жай қиял ғана!

Гүлдерай ТИҢЕЙБЕКОВА,
1-курс студенті

*әріптес әлемі

ӨЗ ІСІНЕ АДАЛ ЖАН



Университетте біреу темір тұлпарын тізгіндеп келем дегенше, екінші біреу қолын қалтасына салып асықпай жетем дегенше, таңғы тоғызға жетпей-ақ тірлігіне білек сыбана кірісіп кететін бір жан бар. Ол - мәдениет орталығының қызметкері Ержан Ахиллов.

қанағатшылдығымен қысы-жазы жалықпай оқу ордамыздың айналасын айналай етіп жүреді. Күрең күзде күрегің қолынан түсірмейді. Қақаған қыста қар күреп жүреді. Көктем шыға көшет күтіп-баптайтын да осы Ержан. Айналада жан қалмайтын аптаған ыстыққа су себелеп жүреді. Осыдан-ақ, Ержанның өз ісіне деген жауапкершілігі мен адалдығы көрінеді.

Несібелі ИМАНҚҰЛОВА,
аударма орталығының маманы

Таңның атысынан күннің батысына дейін бір тынбайтынын көрген адам сөзсіз мойындайды. Еңбекқор, бейнеткеш жан. Берілген тапсырманы мұлткісіз орындайды.

Сүйегіне біткен сабырлығы, мінезінің момындығы, қанында бар

Болашақ-жастардың қолында

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласын насихаттау мақсатында Еуразия ұлттық университетінің белсенді жастары біздің оқу ордамыздың студенттерімен кездесті. Университетіміздегі жастар орталығының басшысы А. Исмайлов сөз бастап, белсенді студент қашанда университет айнасы екендігін айтып өтті. ЕҰУ-нің «Дала сазы» клубының белді мүшесі Т. Махамбетовтің қазағымның қара домбырасымен әуездете әндетіп сүйемелдеуі, ұлттық дәстүр насихатының көрінісі іспеттес болды. Еуразия ұлттық университеті жастар ұйымының басшысы Е. Ордабаев Президентіміздің жолдауына үндеу жүргізу аясында ОҚО университеттерін аралайтындығын айтып, «Менің елім!» өлкетану бағыты бойынша студенттер бастамасын таныстырып шықты. Сонымен қатар, қонақ кәде ретінде «Астана», «Л. Гумилев эн-

циклопедия» кітаптары мен «Mangı El» атты университеттің өзінен шығатын 3 тілді журналының соңғы басылымын А. Исмайловқа сыйға тартты. Еуразия ұлттық университетінің «Жас Отан» жастар қанатының төрағасы А. Налшыбек баяндама жасап, екі университет арасындағы қарым-қатынастың жоғарғы деңгейде болуын қалайтындығын айтты. Ал біздің университеттің студенттік ректоры А. Берістем бұндай бас қосулар тек бұнымен шектеліп қана қоймайтындығын, алдағы уақытта осы бағдар бойынша талай іс-шаралар атқаратындығын айтып, белсенді жастардың бастамаларына алғысын айтты. Студенттер көтеріп отырған бастама өз деңгейінде өтті. Әрбір студент өз еліне мүмкіндігінше үлес қосуы керек. Белсенді жастар қашанда қолдау таба алады.

Ғалия БИСЕЙТ,
1-курс студенті

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАН, БІЛІКТІ МАМАН



Дәрігерлік мамандық - абыройлы, құрметті мамандық саналады. Дәрігер болу үшін адамға ем дарытып қана қоймай, оның жанын түсінетін, жылы сөзімен дем беретін маман иесі де болу керек. Олардың адам өміріне жауапкершілігі, құлшынысы мен адалдығы, адамдығы маңызды. Дәрігер болатын жанға үлкен жүрек керектігі, ақ халатты кір шалдырмау керегі де бекер айтылмайды. Бұл қызметте «Әр адам өз ісінің маманы болу керек» деген бір ғана ұстанымы бар кейіпкеріміз Гузаль

Сабыржанқызы туралы сөз етейік.

Гузаль Нуруллаева клиника диагностикалық орталығы, салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының басшысы. Адам жанының арашасы дәрігерлік мамандықты жанындай жақсы көретін Гузаль Сабыржанқызы өз ісінің білгір маманы. Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Жалпы мамандандырылған дәрігер» мамандығын алып шыққан ол еңбек жолын қалалық балалар емханасында иммунолог дәрігер болып бастаған. 2004-2005 жылдар аралығында аймақтық педиатр болып қызмет жасаған. Ем іздеген науқасты дәрімен ғана емес, ыстық ықыласымен емдейтін Гузаль Шығыс медицинасы және емдеу ісі пәндерінен студенттерге дәріс береді. Қалыпты физиология, иглатерапия, Шығыс медицина негіздері атты оқу құралдарын жазған. 2014 жылдан бастап, Түркістан қаласы салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының меңгерушісі қызметін атқарады. Осы

қызмет атқарған уақыты аралығында өзін білікті маман ретінде көрсетіп келеді. Кейінгі жас әріптестері мен студенттерге өзінің кәсіби тәжірибесімен бөлісіп, еңбекке деген сыйластықты, адалдықты үйретуден шаршаған емес.

Облыс, қала әкімдерінің қолынан Алғыс хаттар алған. Қала бойынша салауатты өмір салтын насихаттауда бірнеше іс-шаралар атқарып келеді. Жуырда ғана клиника диагностикалық орталығында «Ашық есік» күнін өткізуге мұрындық болды. Медицина мен стоматология факультеттерінің студенттері арасында «супер әке, супер ана» байқауын ұйымдастырды.

Білім, біліктілік, мейірім, еңбек, адалдық. Бұл дәрігер бойында болатын қасиеттер. Бірақ мұның бәрінен бұрын дәрігерге қажет ең негізгі қасиет – шыдамдылық. Дәрігер болу үшін ең бірінші ұқыптылық керек, күн сайын тың дүниені үйренуге асық болып, өзін-өзі психологиялық тұрғыдан да, білім жағынан да дайындау керек.

Бүгінде мұның бәрін Гузаль игеріп үлгерген.

Ол жанына дауа іздеп келген жанның бәріне көмек қолын созып, шипалы емімен бірге, жігерлендіріп, қайраттандырып, үміт отын жағатын демеу сөздерін қоса ұсынып жүрген ең қарапайым жанның бірі. «Жақсы сөз – жан семіртеді» деген аталы сөз бар.

Дәрігердің жылы, шуақты сөздері науқастың жанына мыңда бір ем. Уайымдамаңыз, жазылып кетесіз, дертіңіздің беті бері қарады, бәрі жақсы болады» — деген сөздер, ауырып жатқан жанға үміт сыйлап, өзінің де аурумен күресуіне септігін тигізеді емес пе? — дейді кейіпкер. Олай болса, Гузаль халыққа қалтқысыз еңбек етіп, құрмет пен ықыласқа бөленіп, жасаған жақсылықтарына тек алғыс алып келеді. Ендеше, Гузальға абыройлы бол деген тілек білдіреміз.

Жанар ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ

„МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН“



Жастардың шоғырланған ортасы жоғары, орта оқу орындары болып табылады. Бірікпе үлкен күш. Бастама көтерсе қолдайтын арнайы «Жастар орталығы» бар. Оқу ордамыздың жастарының тыныс-тіршілігінен хабар беру мақсатында «Жастар орталығының» басшысы Арман Исмаиловпен әңгімелескен едік.

Мен сенемін жастарға. Алаш атын аспанға Шығарар олар бір таңда, Мен жастарға сенемін! — деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, еліміздің үміт күтер болашағы жастар. Жастарымыздың лапылдап жанатын уақыты да, ең жарқын, қызықты кезеңдері де студенттік шақта болады. Студенттердің өзін-өзі басқаруы — бұл өз бетінше сыни тұрғыдан ойлап, қоғамға айрықша мән беріп, алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруына мүмкіндік беретін белсенді орта. Оқу орнымыздағы магистратура, дайындық бөлімдерінде оқитын білімгерлерді қоспағанда, бакалаврда оқитын студенттердің саны — 5926. Жастар орталығы осынша жастардың басын біріктіріп отыр.

- Арман, орталықтың аты айттып отырғандай жастармен жұмыс жүргізесіздер. Атқарылып жатқан жұмыстарыңыздан хабар бере кетсеңіз?

- Біздің негізгі міндетіміз факультеттің белсенді студенттерінің басын біріктіріп, бір жүйеге келтіріп, олардың ойларын бір жерден шаруды мақсат ететін орталық. Білімгерлердің идеяларын, бастамаларын қолдап, таныту болып табылады.

Жастар орталығы университеттің бакалаврда оқитын 4 курстың білімгерлерімен жұмыс жүргіземіз. Тәрбие, жатақхана, мәдениет саласы бойынша студенттік вице-президенттер және студенттік ректор және әр факультеттің өздері бекіткен студенттік декандары, түрік студенттерінің және түркі жастарының лидерлері сайланған. Жалпы 27 белсенді студентіміз бар. Осы жауапты тұлғалар арқылы барлық жастармен байланыста боламыз. Барлық мәселелерді талқылап, шешіп отыра-

мыз. Сонымен қатар жатақханаларда 27 студенттен құралған сақшылар тобы жұмыс істейді. Олардың аты айтып тұрғандай, жатақханадағы тәртіпті сақтауға көмек береді. Сақшылар тегін тағаммен қамтамсыз етіліп, жатақхананың төлем ақысынан босатылған. Әр сала бойынша 27 студенттік клубымыз бар.

- Жастарымыздың ауызбіршілігінің арқасында жақсы идеялар туындап, жұмыстар жүргізілуде. 24-қазан күні «Жайдарман» ойындарының ақтық сайысы өтті. Үш кезеңнен тұратын сайысқа 8 команда қатысты. Финалға 3 команда жолдама алған болатын. Атап айтсам, «Жаратылыстану мен инженерия» факультетінің еркін құрама командасы «Стипендия 0 теңге» 1-орын, «Өнер» факультетінің актер мамандығының жастарынан құрылған «Ақтер адам бір басқа» командасы 2-орын, «Әлеуметтік ғылымдар» факультеті, журналистика мамандығының студенттері «№1 ерлер жатақханасы» 3-орынды иеленді. «№1 ерлер жатақханасы» командасы биыл жаңадан құрылған топ бола тұра жақсы ойын көрсетті. Жеңімпаздар университетіміздің ректоры У.С.Әбдібековтың алғыс хатымен марапатталды. Сайысқа демеушілік көрсеткен «Zero» ойынсауық орталығы сертификат тапсырды.

Жастарымыз қайырымдылық жұмыстарымен де айналысады. Қаламыздағы «Шапағат» мүгедектер қоғамы мүшелеріне көңілдерін көтеріп, дем беру мақсатында концерттік бағдарлама дайындап, 187 000 теңге көлемінде көмек бердік. Осы қоғамда режиссер болуды армандап жүрген бір азамат бар екен. Сол жігіт қалай мүгедек болғанын, содан кейінгі өмірін суреттейтін 45 минуттық фильм түсіріпті. Наурыз айында фильмді көрсетуге Мәдениет орталығының үлкен залына рұқсат алып бердік. Фильмді көруге 800-дей студент жиналды. Қайырымдылық ретінде сол жерде 60 мың теңге жиналып, фильмнің авторына табысталды.

- Клубтардың өткізіліп жүрген іс-шаралары қай деңгейде көрініп жүр және қалай қаржыландырылады?

- «Шаңырақ» координациялық клубтар басқармасы бар. Онда 27 клуб тіркелген. Клубтар Түркия тарапынан қаржыландырылады. 2016-17 оқу жылында 3 600 000 теңге қаржы игерілді. Атқарылып жатқан іс-шараның барлығы қаржы бөлімнің арқасында жүзеге асырылып отыр. Қамқорлық көрсетіп, жастарды қолдап отырған Өкілетті кеңес төрағасына жастар атынан үлкен алғысымызды білдіргім келеді. «Enactus» деген жазуы бар қайырымдылық жөшігін көріп жүрген боларсыздар. Бұл дүниежүзінде жүріп жатқан қайырымдылық жобасы. Клуб мүшелерінің ұсынысымен біз

де бұл жобаға атсалысып жатырмыз. Жөшікке жиналған киім-кешектер мұқтаж отбасыларына таратылады. Білімгерлерімізді қайырымдылыққа бастайтын бұл да бір жоба ретінде қалыптасты. Оқу ордамыздың қызметкерлері мен білімгерлері сәл де болса жағдайы төмен адамдарға қол көмегін сөзсын деген ниет еді.

Медицина факультетінің «Medical Tokens» клубы алдағы күндері қала көлемінде марафон өткізуді жоспарлап отыр.

«International relation» клубының мүшелері Біріккен Ұлттар Ұйымының кішігірім моделін жобасын ұсынған болатын. Сол жоба бойынша өткен оқу жылында оңтүстік өңірінің жоғары оқу орындарын шақырып бас қосу кеңесін өткізген болатынбыз. Кеңес 4 күнге созылды. Ондағы мақсатымыз Қазақстан жастарының арасындағы қатынасты нығайту, достық орнату. Жастардың арасындағы мәселелерді бірігіп талқылау, шешу. Біздің білімгерлер тіл мәселесін, жоғары оқу орындарының арасындағы достықты қалай нығайтуға болады және жастардың арасында белен алып бара жатқан суицид сынды өзінгі мәселелерді қозғады. Кеңесті жүргізетін де, шешім қабылдайтын да студенттердің өздері. Негізгі жұмысты білімгерлер атқарады.

Қарашаның 13-ші жұлдызында «Turkestan Model-UN 2017» конференциясында БҰҰ Бас Ассамблея отырысы орыс тілінде «SDGs 3-ті іске асыру: Орталық Азия елдерінде жақсы денсаулық пен әл-ауқатқа қолжетімділікті қамтамасыз ету» тақырыбы бойынша, ал ЮНЕП (БҰҰ экологиялық бағдарламасы) ағылшын тілінде «Орталық Азиядағы қоршаған орта мен су проблемаларын шешу» мәселелері талқыланды.

- БҰҰ моделі — бұл қызықты рөлдік ойын барысында студенттер мен жоғары сынып оқушылары Біріккен Ұлттар Ұйымының органдарының жұмысын талқылады. БҰҰ Моделінің қатысушылары — делегаттар, төрағалар, бақылаушылар және сарапшылар ретінде БҰҰ-ға мүше елдердің ресми өкілдері ретінде болып, халықаралық ұйымдардың мүшелерінің, конференцияда күн тәртібіне қойылған мәселелерді талқылады. БҰҰ Моделінің делегаттары өз елдерінің көзқарасын ұстанады. Әр комитеттің соңғы мақсаты — аталған мәселелер бойынша шешім қабылдау болып табылады.

«Самұрық» дебат клубы республикалық деңгейде пікір-сайыс өткізді. Тараз, Алматы, Қызылорда, Қарағанды, Ақтөбе, Шымкент облыстарының жоғары оқу орындарынан он команда қатысты. Клуб мүшелері әділ қазылар алқасының барынша әділ болуына мән берді. Оқу орнымыздың командасы жұлделі орын иемденбегендігінің

өзі, сайыстың әділ болғандығын көрсетеді. Қонақтар барынша әділ өткен білім жарысына алғыстарын айтып, ризалықтарын білдіріп қайтты.

23-қазанда тоғызқұмалақтан республика бойынша студенттер арасындағы сайыс өтті. Ұйымдастырушы «Шаңырақ» координациялық клубтар басқармасы екенін айта көткім келеді. «Тоғызқұмалақ» клубының мүшелері жақында Астана қаласында өткен сайыста командалық 2-орынды иемденіп келген болатын.

- Еліміздегі биылғы жылдың ең елеулі іс-шарасы ЭКСПО көрмесі болып өтті. Көрмеде түрлі қызмет көрсету мақсатында еріктілер шақырылды. Бізден еріктілер қатарында қанша студент болды?

- Оқу ордамыздың 45 студенті іріктеуден өтіп, еріктілер 1 шілде мен 5 тамыз аралығында қызмет етіп қайтты. Координаторы болып мен тағайындалдым. Іріктеуден өткен жастарымыздың басым бөлігі «Аударма ісі» мамандығының студенттері құрады. Медицина мамандығынан барған еріктілер көрменің бас дәрігері Ж.Нахиповтың Алғыс хатын алып қайтты. Жұмыстан тыс уақытта еліміздің түкпір-түкпірінен келген білімгерлер арасында түрлі сайыстар өткізілді. Біздің жастарымыз «Белсенді жайдарман», «Ең әдемі жұп» номинациясын жеңіп алды. Білім деңгейінің жоғары екенін көрсете білген студенттеріміз тәжірибеден өтіп, достар тапты. Ерікті жастарға көрмеде көрсеткен еңбектері үшін «Тау самалы» демалыс орнына 3 күнге демалыс ұйымдастырып, облыс әкімі Ж.Түймебаев Алғыс хатпен марапаттады.

- Қазіргі таңда жастарымызды қандай мәселелер толғандыруда?

- Білімгерлерімізді оқу жылы басталысымен уайымға салып қойған мәселе, ол кредит бағасының көтерілуі болып тұр. 1 кредит бағасы 9000 теңге болып белгіленуі мына нарықтық заманда білімгерлерге ауырлық етуде, 5400 теңгенің өзі де аз емес еді. Медицина мамандығының кейбір пәндері 9 кредитке дейін барады. Сөздің ашығы әлеуметтік жағдайы төмен студенттер жұмыс жасап қарызын өтейді ме, әлде сабақ оқиды ма? Түрлі отбасы бар, қатал әке-шешесі барлар қорыққанынан айта алмауы да мүмкін. Осының салдарынан қарызын төлеу мақсатында жастардың түрлі жағдайға ұрынып қалу қаупі туындайды. Саналы адам жақсы оқып, қатесін жоюға тырысады. Ал сезімге берілгіш, ақылы ашуынан кейін оянатын сабырсыздары қаншама?

-Арман әңгімеңізге рахмет.

Сұхбатты жүргізген: Эльмира АРТЫҚБАЕВА

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Yesevi

Üniversitesi

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Бетті жүргізуші журналист **Ғалымжан Тәжібаев**

Ahmet Yesevi Üniversitesinde "Türkistan MUN 2017" Organizasyonu



Ahmet Yesevi Üniversitesi Sosyal Bilimler Fakültesi Uluslararası İlişkiler Bölümü ile Uluslararası İlişkiler Kulübü tarafından ortaklaşa tertip edilen "Türkistan MUN 2017" organizasyonu Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesinde gerçekleştirildi.

Koordinatörlüğünü Uluslararası İlişkiler Bölüm Başkanı Dr. Eftal Ş. Batmaz'ın yaptığı "Türkistan MUN 2017" organizasyonunun açılışı 13 Kasım Pazartesi günü Kültür Merkezinde düzenlendi.

Açılış törenine katılan Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren ile Sosyal Bilimler Fakültesi Dekanı Prof. Dr. Mehmet Toplu açılış konuşması yaptılar ve katılımcı öğrencilere başarılar dilediler.

Kazakistan'ın birçok okul ve üniversitesinden 80 yakın öğrencinin katılarak bildiri sunduğu Türkistan-MUN toplantılarının ilki "Orta Asya ülkelerinde sağlık ve refaha erişimin sağlanması", ikincisi ise "Orta Asya'da Çevre ve Su Sorunlarının Çözümü" başlıkları

çerçevesinde yapıldı.

Birleşmiş Milletler toplantılarının içerik ve şekil olarak öğrenciler tarafından canlandırıldığı konferans niteliğinde olan bu organizasyonda öğrenciler kendileri için belirlenen ülkelerin birer delegesi olarak görev almaktadırlar. Öğrenciler, o yıl tartışılacak ve çözüm aranacak olan dünya sorunu ile ilgili yorumlarını kendilerine verilen ülkenin perspektifinden, ülkenin politik duruşuna göre yapmaktadırlar.


Dünya sorunlarının paylaşıldığı, çözümler sunulduğu bir platform olan MUN Birleşmiş Milletler tarafından da desteklenmekte ve aynı zamanda konferanslarının sonuç bildirgeleri, tavsiye niteliğinde Birleşmiş Milletler'e gönderilmektedir.

Türkistan Model BM uluslararası bir konferans olarak öğrenci katılımcılara, genç liderler olma yolunda ve kariyerlerinde büyük bir adım atma fırsatı sunmaktadır. Bununla birlikte, Türkistan MUN üniversitemizi genç ve etkin öğrencilere tanıtmak için harika bir fırsattır.

"Türkistan MUN 2017" organizasyonu, sonuç bildirgesi ve değerlendirme oturumunun akabinde kapanış programı düzenlendi. Kapanış konuşması yapan Koordinatör Dr. Eftal Ş. Batmaz, Türkistan-MUN organizasyonun bu yıl ikincisini düzenledikleri belirterek, bu organizasyonu ikinci sömestride daha kapsamlı düzenleyeceklerini ifade etti. Türkistan-MUN toplantılarının çok verimli ve öğrenciler açısından çok faydalı geçtiğine değinen Batmaz, katılımcı öğrencilere teşekkürlerini ileterek konuşmasını tamamladı.

"Türkistan MUN 2017" son olarak toplu hatıra çekimi ile tamamlandı.

AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİNDE «TÜRK İSLAM ŞEHİRLERİ SEMPOZYUMU»



Ahmet Yesevi Üniversitesinde 2017 Türkistan Türk Dünyası Kültür Başkenti etkinlikleri kapsamında; Kazakistan Cumhuriyeti Ankara Büyükelçiliği, TÜRKSOY ve Türk Dünyası Mühendisler ve Mimarlar Birliği İstanbul Şube Başkanlığı tarafından, 7-11 Kasım 2017 tarihinde, "Kaşgar'dan Endülü's'e Türk İslam Şehirleri Sempozyumu - Türkistan Şehrengizi" gerçekleştirildi.

Ahmet Yesevi Üniversitesinin ev sahipliği ve koordinasyonunda Kazakistan'ın Türkistan Şehri'nde Türk Dünyası Kültür Başkenti vesilesiyle bir dizi etkinlik gerçekleştirildi. Panel, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış'ın açılış konuşması ile başladı. Kutalmış konuşmasında «Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi'nin üzerinde bulunduğu Türkistan (Yesi) şehrinin de içinde olduğu bölge, tarihte Türk Dünyası'nın ve ilim aleminin en önde gelen ticaret, bilim ve aydınlanma merkezlerinden biri idi. Farabi, İbn-i Sina, İmam Buhârî, Maturidi, Hoca Ahmet Yesevi gibi pek çok ilim adamı bu toprakların evlatlarıdır. Türkistan şehri, Türk Dünyasının ruhani başşehri olarak anılmaktadır ve bu şehir 2017 yılı Türk Dünyası Kültür Başkenti olmuştur. Üniversitemize, kurulduğu tarihten bu yana Türkiye'den ve dünyanın pek çok ülkesinden on binlerce aydın, akademisyen ve ziyaretçi gelmiştir. Türk Dünyası Mühendisler ve Mimarlar Birliği'nin üniversitemizi ziyareti, burada sempozyum yapmaları ve bize çok sayıda müspet teklif ve projelerle

gelmeleri, üniversitemiz için fevkalade önemli bir hadisedir, kendilerine yürekten teşekkür ederim. Biliyoruz ki, tarihte ve günümüzde Mühendisler ve Mimarlar şehirlerin, ülkelerin ve medeniyetlerin kuruluşunda ve kalkınmasında birinci derecede önemli rol oynamışlardır. Zira mimarlığın içinde insanı ilgilendiren bilim, teknik, sanat, edebiyat, resim, din ve diğer bilim dalları da vardır» dedi.

Ankara Keçiören İlçesi, Trabzon ve Türk Dünyası kültürlerine ait Türkistan Folkloru tanıtım videoları gösterimleri sonrasında gerçekleştirilen panelin birinci oturumunda "Kimlikli ve Kişilikli Türk Şehirleri," ikinci oturumunda ise "Köklü Geçmişimizden Güçlü Geleceğimize" başlığında bildiriler ve sunumlar yapıldı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörlüğüyle işbirliği yapan, Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyi - Türk Keneşi, Türk Dili Konuşan Ülkeler Parlamenterler Asamblesi-TÜRKPA, Uluslararası Türk Akademisi - UTA, Türk Üniversiteler Birliği-TÜRKÜNİB, Keçiören Belediye Başkanlığı, Türk Dünyası Mühendisler ve Mimarlar Birliği İstanbul Şube Başkanlığı-TDMMB, Emlak Konut Gayrimenkul Yatırım Ortaklığı A.Ş. katkıları ile gerçekleştirilen panelin yanında, çeşitli sergi ve sanatçılar Hasan Sağındık, Ayhan Ertürk ve Harun Ayan tarafından konser ile folklor gösterileri de yapıldı.

Üniversitemizi ve bölgeyi gezen katılımcılar, 10 Kasım Atatürk'ü anma törenine de iştirak ettiler. Sempozyum'un sonunda «Türkistan Şehrengizi Sonuç Bildirgesi» yayınlandı.

MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI GAZİ ÜNİVERSİTESİ REKTÖRÜNÜ ZİYARET ETTİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Gazi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. İbrahim Uslan'ı ziyaret etti. Ziyarete Gazi Üniversitesi Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Yaşar Aydemir de eşlik etti.

Ziyarete Ahmet Yesevi Üniversitesi ile Gazi Üniversitesi arasında yapılacak faaliyetler ve ortak işbirliği konuları görüşüldü.

Ziyarete Prof. Dr. Musa Yıldız, Prof. Dr. İbrahim Uslan'a Ahmet Yesevi Üniversitesi yayınlarından hediye etti. Prof. Dr. İbrahim Uslan da Prof. Dr. Musa Yıldız'a ziyaretlerinden duyduğu memnuniyeti ifade ederek kendisine teşekkür etti ve plaket takdim etti.



MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI KAZAKISTANLI ÖĞRENCİLERİ EVLERİNDE ZİYARET ETTİ

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Türkiye'de Ahmet Yesevi Üniversitesi adına burslu yüksek lisans ve doktora eğitimlerine devam eden öğrencilerin evine konuk oldu.

Mütevelli Heyet Başkanı, Öğrenci evleri ziyareti kapsamında Gazi Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsünde Doktora çalışmalarına devam eden Aizade Kenzhebayeva ve Abzal Dosbolov ile Gazi Üniversitesi Sağlık Bilimleri Enstitüsünde Doktora çalışmalarına devam eden Akbota Skenderova'nın evlerinde öğrencilerle bir araya geldi.

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, eğitimlerini kısa sürede tamamlamalarını ve Ahmet Yesevi Üniversitesinin Türkistan yerleşkesinde bir an önce hizmet etmeleri gerektiğini vurgulayarak, Başkanlık olarak her türlü desteği imkânlar dâhilinde vereceklerini belirtti. Burslu öğrenciler de Mütevelli Heyet Başkanına kendilerine gösterdikleri ilgiden dolayı teşekkür ederek, evlerinde ağırlamaktan son derece mutlu olduklarını ve Başkanlığın desteklerinden dolayı kendilerini gurbette hissetmediklerini ifade ettiler.

Ahmet Yesevi Üniversitesinde 10 Kasım Atatürk'ü Anma Töreni

Türkiye Cumhuriyetinin kurucusu Gazi Mustafa Kemal Atatürk'ün ebediyete intikalinin 79. Yılı münasebetiyle Ahmet Yesevi Üniversitesinde anma töreni düzenlendi. Rektörlük tarafından düzenlenen 10 Kasım anma programı Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezinde gerçekleşti.

10 Kasım Cuma günü Kültür Merkezi Toplantı ve Konferans salonunda gerçekleşen anma törenine; Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, Rektör Yardımcıları Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren, Doç. Dr. Bakıtcan Muhamedjanov'un yanı sıra fakülte dekanları, bölüm başkanları ile çok sayıda akademisyen ve öğrenci katıldı.

Saat 9'u 5 geçte bir dakikalık saygı duruşu ve İstiklal Marşı ile başlayan anma töreninde, Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren ile Uluslararası İlişkiler Bölüm Başkanı Doç. Dr. Eftal Şükrü Batmaz Kültür Merkezi giriş katında bulunan Gazi Mustafa Kemal Atatürk'ün büstüne celenk bıraktılar. Akabinde Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, «Gazi Mustafa Kemal Atatürk,

Ufku ve Eserleri» başlıklı bir konferans verdi.

Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, «her şeyden önce Mustafa Kemal Atatürk'ün çocukluğundan itibaren kendisini çok iyi yetiştirdiğini, hayatı boyunca binlerce kitap okuduğunu, Kurtuluş Savaşı hazırlıkları sırasında bile okuyup yazdığını, Avrupa, Balkanlar, Ortadoğu, Kuzey Afrika başta olmak üzere Osmanlı coğrafyasını yakın görüp tanıdığını, Matematik, Hukuk, Dinler Tarihi, Felsefe, Edebiyat, Sanat, Müzik, Folklor gibi pek çok bilim dalıyla meşgul olup çok sayıda kitap ve makale yazdığını ama onun en önemli eserinin Nutuk ve Türkiye Cumhuriyeti olduğunu» söyledi. Kutalmış, «Atatürk'ün en bariz vasıflarından birinin ufuk (vizyon) sahibi olduğunu, 1933 yılında Sovyetler'in de bir gün yıkılacağını, o güne dek Türkiye Türklerinin hazırlıklı olması gerektiğini ve bizim de aslında bu ufku bir eseri olarak burada bulunduğumuzu» belirtti.

Anma töreni son olarak Atatürk'ün ölüm yıldönümü anısına, Türkiyeli kız öğrencilerinin hazırlayıp sunduğu şiir bölümüyle tamamlandı.

ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



Түрк Дүниасында Күлтүрелі Ілішкілерінің Гелішмесінде Үниверсителерінің және СТК'ларын Ролі және Өнемі

Ахмет Үесеви Үниверситесінде 'Түрк Дүниасында Күлтүрелі Ілішкілерінің Гелішмесінде Үниверсителерінің және СТК'ларын Ролі және Өнемі' конулу юварлак маса топлатисы япылды.

Аврасыа Сивил Топлум Дернегі және Ахмет Үесеви Үниверситесі ішбирлігінде Түркстан Үерleşкесінде "Түрк Дүниасында Күлтүрелі Ілішкілерінің Гелішмесінде Үниверсителерінің және СТК'ларын Ролі және Өнемі" конулу юварлак маса топлатисы япылды.

Топлатиса Ахмет Үесеви Үниверситесі

Ректор Векілі Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, Ахмет Үесеви Үниверситесі Социал Билімлер Факүлтесі Декані Prof. Dr. Mehmet Toplu, Гази Үниверситесі Оғретім Үyesi Prof. Dr. Soyalp Tamçelik, Аврасыа Сивил Топлум Ішбирлігі Дернегі Үнетім Курулу Башканы Үрд. Доç. Dr. İsmail Safi, İstinye Үниверситесі Оғретім Үyesi Үрд. Доç. Dr. Hakan Özden, Dr. Halil Uluer және Аһи Евран Үниверситесі Оғретім Гөврилеси Мурат Давутоғлу конушмаçи оларак катылды.

Анкара Социал Билімлер Үниверситесі Ректорі Мүтевеллі Гейет Башканын зиярет етті

Анкара Социал Билімлер Үниверситесі Ректорі Prof. Dr. Mehmet Barca, Ахмет Үесеви Үниверситесі Мүтевеллі Гейет Башканы Prof. Dr. Musa Yıldız'и зиярет етті. Зиярете Анкара Социал Билімлер Үниверситесі Оғретім Үyesi Prof. Dr. Havva Kök Arslan, TÜRKSOY Genel Sekreter Yardımcısı Prof. Dr. Fırat Prutaş және Билкент Үниверситесі Оғретім Үyesi Доç. Dr. Mehmet Akif Kireççi де ешлик етті.

Зиярете Ахмет Үесеви Үниверситесі

іле Анкара Социал Билімлер Үниверситесі арасында япылмаçк faaliyetler және ortak ішбирлігі конулары гөрүшүлдү.

Зиярет сонунда Мүтевеллі Гейет Башканы Prof. Dr. Musa Yıldız, Анкара Социал Билімлер Үниверситесі Ректорі Prof. Dr. Mehmet Barca'яа Казак милли гийсиси Çapan гийдирди және Ахмет Үесеви Үниверситесі Мүтевеллі Гейет Башканылыгы тарафында япымланан "Divân-ı Hikmet" eserіyle диđer япынларындан хедије етті.

Меденіет Үниверситесі Ректорі Мүтевеллі Гейет Башканын зиярет етті

Меденіет Үниверситесі Ректорі Prof. Dr. M. İhsan Karaman, Ахмет Үесеви Үниверситесі Мүтевеллі Гейет Башканы Prof. Dr. Musa Yıldız'и зиярет етті. Зиярете Меденіет Үниверситесі Ректор Yardımcısı Prof. Dr. Ahmet Cihan да ешлик етті.

Зиярете Ахмет Үесеви Үниверситесі іле Меденіет Үниверситесі арасында япылмаçк faaliyetler және ortak ішбирлігі

конулары гөрүшүлдү.

Зиярет сонунда Мүтевеллі Гейет Башканы Prof. Dr. Musa Yıldız, Меденіет Үниверситесі Ректорі Prof. Dr. M. İhsan Karaman және Ректор Yardımcısı Prof. Dr. Ahmet Cihan'а Казак милли гийсиси Çapan гийдирди және Ахмет Үесеви Үниверситесі Мүтевеллі Гейет Башканылыгы тарафында япымланан "Divân-ı Hikmet" eserіyle диđer япынларындан хедије етті.

Казакстан'дан Калкан İlk Tren Bakü-Tiflis-Kars Demiryolu Hattı'ndan Түрkiye'ye улашты

Бакү-Тифлис-Карс Демірйолу Хатті'нин Азербайжан'даки ресми ачилиши сонраси юла чыкан тahlil үкүлү ilk tren Kars'а улашты. Tren, buradan Mersin'e devam edecek. Азербайжан'ин башкенти Бакү'ге 90 километре месафедекі Alat Limanı'нда, Сумхурбашканы Recep Tayyip Erdoğan, Азербайжан Сумхурбашканы İlham Aliyev, Казакстан Башбаканы Bakıтcan Sagintayev, Özbekistan Башбаканы Abdulla Aripov және Gürcistan Башбаканы Giorgi Kvirikashvili'нин катилымыла 30 Еким'де ресми ачилиши япылан Бакү-Тифлис-Карс (BTK) Демірйолу Хатті'нда ilk tren Kars'а улашты. Tren іле Kars'а gelen TCDD Taşımacılık AŞ Genel Müdürü Veysi Kurt, trenin Казакстан'дан юла чыкып Alat Limanı'ndan devam ederek Kars'а улаштыгын сөйледи.

Курт, шу билгилери актardı: "Азербайжан'дан бурaya yaklaşıқ 856

kilometreyi 40 saatte geldik. İnşallah bir aksaklık olmazsa Kars'tan Mersin'e kadar olan bin 258 kilometrelik mesafeyi de 40 saatte almayı planlıyoruz. Казакстан'дан юла чыкан trenin toplamда yaklaşıқ 4.700 kilometrelik seferi inşallah Mersin'de son bulacak. 30 konteyner іле юла чыкмишти"

Kurt, "Demiryolu hattının Түрkiye parkurunda hem gümrük hem tarım teşkilatlarımız prosedürleri minimum seviyelere indirdi. Müşterilerimizle görüştüğümüzde, yük miktarları şimdilik yaklaşık 3 milyon ton gibi gözüküyor" şeklinde konuştu.

Söz konusu tahlil үкүлү tren, Kars Garı'nda gümrük muhafaza іле Gıda, Tarım ve Hayvancılık İl Müdürlüğü görevlilerinin incelemelerinin ardından Mersin Limanı'na gitmek üzere yoluna devam edecek.

Ноча Ахмет Үесеви, генç академисйенлере anlatıldı

Ноча Ахмет Үесеви Үниверситесі Мүтевеллі Гейет Башканы Musa Yıldız, Генç Академисйенлер, Еғитім, Күлтүр және Араштырма Дернегінде дүзеленен Ноча Ахмет Үесеви'и Аңламаç Конферансина катылды. Оғренчилере Ноча Ахмет Үесеви'нин hayatından kesitler anlatan Yıldız, Үесеви'нин Osmanlı Devleti'nin temel ilkeleri üzerindeki etkilerinden bahsetti.

Үесеви'нин, Наци Бекташи Велі Hazretleri'nin ifadesiyle tam 99 bin talebe yetiştirdiğini söyleyen Yıldız, «Ахмет Үесеви Үниверситесі 25 yıldır eğitim veriyor, ancak 75 bin kişiye eğitim vermiştir. Nasıl bir dinamizm, nasıl bir prensip, nasıl bir dava adamı olduğunu görmeliyiz. Derdi uzak coğrafyalara Anadolu'ya, Balkanlar'a öğrenciler yetiştirmek ama prensibi zamanı çok iyi kullanmak» şeklinde konuştu.

Үесеви'нин İslam'ı Türkçe okutarak, Asya'nın bozkırlarında yaşayan Alpler'i Alperen'e dönüştürdüğünü aktaran

Yıldız şu açıklamalarda bulundu:

«Ноча Ахмет Үесеви Hazretleri insanlara o kutlu Nebi'nin getirdiği dini, kendi ana dilleriyle ilk defa öğretti. Selçukluların, Karahanlıların dili Farsçaydı. Orta Asya'nın bozkırlarında yaşayan Alpler maaalesef anlayamıyorlardı. Ноча Ахмет Үесеви Hazretleri onlara kendi dilleriyle seslenince o Alpler, Alperen'e dönüştü. Alperenler Horasan üzerinden Anadolu'ya geldi. Şehirde vali oldu, Osmanlıyı kurdu. Sarı Saltuk oldu, Balkanlarda İslamiyet'i yaydı. Наци Бекташ-и Велі oldu, Anadolu'da dergâhını kurdu. Uzun yıllar Osmanlı'nın ordusunu oluşturan Yeniçeri Осағи'nin piri oldu. Yunus Emre oldu, hocası Tapduk Emre oldu, Mevlana oldu. Anadolu'nun her tarafında önce gönülleri fethettiler, arkasından şehirler fethedildi. Onun bu manevi mayası 623 yıl aleme nizam veren bir devletin kurulmasına vesile oldu.»



РАШИД - БЕЛСЕНДІ БІЛІМГЕР



Үниверситетіміздің «Халықаралық қатынастар» мамандығының 3-курс студенті Ясир Рашид «Ү-PEER Халықаралық жастар білім беру қозғалысының» Қазакстан бойынша координаторы болып сайланды.

Ү-PEER Халықаралық жастар білім беру қозғалысы БҰҰ-ның жастар, даму және қорғау жөніндегі ведомство аралық топтың бастамасымен 1999 жылы құрылды. Ү-PEER мандаты – тең-теңіне тәсілі арқылы салауатты өмір салтын жүргізуді алға бастыру (ағылш. peer to peer) және жастарға өз денсаулықтары үшін жауапты шешімдер қабылдау мүмкіндіктерін ұсыну.

Ү-PEER «тең-теңіне» қағидатымен, АИТВ-инфекциясының алдын алу және жастардың денсаулықтарын нығайту жөніндегі бағдарламалар бойынша жұмыс істейтін үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдарға қолдау көрсету үшін іс-әрекет жасайды. Тең теңіне қағидаты бойынша оқыту – бұл білікті жастар өздеріне жасы, әлеуметтік жағдайы бойынша немесе ұқсас қызығушылықтары бар жастар арасында білімдерін беру, дағдылар мен қатынастарды қалыптастыру арқылы уақыт бойынша шектелген үдеріс.

Ү-PEER жақсы, толыққанды өмір сүруге арналған қызметтер мен ақпараттарға тең тәсілді қамтамасыз

ету үшін, жастардың денсаулығына байланысты шешімдерді қабылдауда оларға қатысуға мүмкіндік береді.

Ү-PEER-дің штаб-пәтері Болгарияда орналасқан. Жарғыда жазылғандай, Ү-PEER Халықаралық қозғалысының негізгі басқарушы органы – Жаһандық консультативтік кеңес (GAB) үйлестірушілік орталығы болып табылады. Оның құрамына Ү-PEER-дің елдік бөлімшелерінің ұлттық үйлестірушілері кіреді.

Ү-PEER-дің Қазақстанда қозғалысы 2003 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында пайда болып әрі қарай Алматыда жұмысын жалғастырды. Астанада 2010, ШҚО 2012, Маңғыстау облысында 2017 жылы пайда болды. Желінің негізі қаланған сәттен бастап 2000-нан астам жас мен жасөспірім Ү-PEER волонтерлері болды. Репродуктивті денсаулыққа, адвокация мен басқа да тақырыптарға арналған халықаралық тақырыптамалық 100-дан астам тренингтер өткен.

Ү-PEER-дің қызметінде осы уақытқа дейін белсенділер түрлі тақырыптарға тұрақты түрде «Кешбасшылықтың жазғы мектебі», «Белсенділіктің 10 күні» және «Нөлге төмендету» сияқты іс-шаралар жүргізіп отыр.

www.y-peer.kz

СТУДЕНТ БЕТІ

ЖАСТАРДЫҢ ЖАҢА БАСТАМАСЫ



2017-2018 оқу жылы медицина факультетінің студенттері үшін жағымды жаңалықтармен басталды. Олай дейтініміз, студенттердің ғылыми қоғамы құрылды. Оған медицина мен стоматология факультеттерінен 30-дан астам білімгерлер мүше болып үлгерді. Әр студент жоғары оқу орнына түскеннен кейін өзін-өзі дамыту үшін қандай да бір деңгейде ғылыммен айналысуы керек. Ғылым студенттің өз саласы бойынша ізденуіне, еңбектенуіне мүмкіндік береді және сол арқылы жақсы маман болып қалыптасуына ықпалын тигізеді. Бұл ұйым сонымен қатар түрлі интеллектуалды ойындар, іс-шаралар, білімге бағытталған сайыстар өткізумен айналысады. Осы айтылғандар студенттің ой-өрісін дамытады. Жан-жақты көзқарасын кеңейтеді. Білсем екен деген құштарлыққа жақындатады.

Студенттік ғылыми қоғам жетекшісі, оқытушы - Ерболат Саруаров. Төрағасы Шамсудин Қанатұлы. Дамуы бойынша бас кеңесші Диана Сәрсенбек, сыртқы істер бойынша төраға орынбасары Мадина Әбдіқадырова, ішкі істер бойынша төраға орынбасары Хасанов Насим, төраға орынбасары - Бағдат Нәлібек осы ұйымның белсенді мүшелері. Ұйымдастырылатын іс-шаралардың басы-қасында бірлесіп жұмыстар жасап жүреді. Шамсудин Қанатұлы, студенттік ғылыми қоғам төрағасы:

Студенттік ғылыми қоғамдық ұйымында қазіргі таңда 4 мектеп жұмыс жа-

сайды. Олар: Ғылым мектебі, тіл мектебі, шешендік өнер мектебі, денсаулық мектебі. Әр мектептің өз ерекшеліктері бар. Ғылым мектебі - ғылыми жоба жазу немесе мақала жазу процесстерін түсіндіреді және өлемнің ғылыми жаңалықтарымен студенттерді қамтамасыз етеді. Ғылыми мектеп ең басты және негізгі мектеп, себебі студенттік ғылыми қоғам болғандықтан ғылыми жобалар және мақалалар ұсынылып бекітілуі керек және сол жобаларды халықаралық ареналарда қорғау. Тіл мектебінде студенттер өздерінің ағылшын, түрік тілі деңгейін көтеріп практикалық дәрістерге қатысып тілді жан-жақты меңгеруге жағдай жасайды. Шешендік мектеп. Мұнда халық алдында қалай сөйлеу керек



Үстелдерге қатысуға шақыратын, студенттің өмірін ғылым саласы бойынша қызықты, жан-жақты етіп өткізетін ұйым болып табылады. Студенттік Ғылыми қоғамның негізгі

мақсаттары: медицина жастарының ғылыми зерттеу іс-әрекеттерін қолдап, жас ғалымдар талпынысына ықпал жасау; университет және басқа ЖОО базасында өтетін конференциялар, форумдар, дөңгелек үстелдер, дискуссиялар туралы ақпаратты тарату және қатысуға ықпал жасау;

ғылыми шығармашылықтың әр түрін студенттер арасында насихаттау; Қазақстан Республикасының басқа, ТМД елдерінің ЖОО-дарымен, сол сияқты алыс шетелдер ЖОО-дарымен әріптестікті жүргізу;

Жас ғалымдарға кәсіби деңгейлерін арттыруда жан-жақты көмек көрсету; Ғылыми әлеуетті дамыту және жас ғалымдардың шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыру; Медицина факультеті жас ғалымдары мен жас ғалым мамандары көзқарастары мен қызығушылықтарын қолдайтын ғылыми іс-шаралар жүргізуді ұйымдастырушы ұжым болып табылады.

Студенттердің ғылыми қоғамы - білімге, дамуға, жаңа белестерді бағындыруға құштар жастардың басын біріктірген үлкен отбасы.

Студенттік ғылыми қоғам - медицина факультетінің ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық саясатын жүзеге асыру және қалыптастыру аясындағы жас ғалымдар мен ерікті студенттердің қоғамы болып табылады. Жаңадан жастардың бастамасымен құрылған ұйым жұмысына сәттілік тілейміз. Алдағы уақытта жарқын істердің жаршысы болады деп сенеміз.

Дайындаған: Ж.БЕЙСЕНБАЕВА

ЖАҢА КЛУБ АШЫЛДЫ

Оқу ордамыздың бас ғимаратындағы конференц залында «AYU WECAN CLUB» әлеуметтік-мотивациялық клубының ашылу салтанаты өтті. Клубтың мақсаты студенттерді TED talks жобасы аясында көпшілік алдында өнер көрсетуге шақыру. Психологиялық тренингтер арқылы қиындықтарды жеңілдету. Театрландырылған қойылымдар арқылы қоғамға ой тастау. Ең бастысы, студенттердің ұйымдастырушылық қабілетін арттырып, көшбасшылық қасиеттерін дамыту. Белсенді және қызықты студенттік өмір сүру салтын қалыптастыру. Осы бастаманы тек қана университет те ғана емес қала, облыс көлемінде жандандыру.

Клубтың алғашқы жұмысы «Стресс және депрессия» деп аталды. Себебі бүгінгі таңда Америка Құрама Штаттарының 39%, Солтүстік Корея халқы, Британдық, канадалық, француздықтардың 35%, Испандықтардың -29%, Мексика халқының 15% стресске ұшырайды екен. Бұл бір күннің пайыздық

көрсеткіші. Әлеуметтік ғылымдар факультетінің оқытушысы Гүлбазар Көлеген стресс пен депрессиядан құтылу жолдары жөнінде бірқатар мағлұмат берді. Әрі Омар Хаямның мотивациялық қанатты сөздерінен мысал келтіре отырып, көпшілікке ой салды. Кеш қонақтарының бірі «Шапағат» мүгедектер қайырымдылық қорының директоры Еркін Шалтан. Клуб мүшелері аталмыш қормен бірігіп жұмыс істеп келеді. Мүгедектер қайырымдылық қорының Арнұр, Жанна, Зулфия есімді мүшелері де көрермендер қатарында. Арбаға таңылса да өмірге деген құштарлығы жоғалмаған жандар талайға үлгі. Стрессті адам қолдан жасайды,-дейді Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы Мехмет Топлы. Керемет өмір сүру, мәселені қиындату немесе жеңілдету өз қолыңда жас студент деп Сақтапберген Мұқанов сөз жалғады. Кеш музыкалық әрлеумен және тақырыпқа байланысты дайындалған презентациялармен, әрлене түсті.

ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТ, ЖАСТАРҒА МІНДЕТ

Қазақ халқы ежелден-ақ үлкенге құрмет көрсетіп, қарттарын сыйлап келген. Тіпті әкесі отырып, баласы сөйлемеген. Қазақ халқының ата салт-дәстүрінде де қарияларға үлкен мән берілген. Дастарханға бас тартылса әкесі бар бала басқа жармаспаған. Міне, тәлім-тәрбие отбасынан бастау алатынына дәлел болса керек. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы бізге салт-дәстүрімізді жаңғыртайық, ұмытқан асылдарымызды еске алайық, өзіміздің салт-дәстүрімізді сақтайық деген үлкен маңызды оймен ұсынылған.

«Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген. Алайда қазіргі мына заманда бұл сөздің мағынасын жоғалтып алған сияқты. Себебі не дейсіз бе? Өз әкешесін үйінен бездіріп, жүректері сыздамай қарттар үйіне өткізетін қаншама балалар бар.

Ертеректе қазақта қарттар үйі деген ұғым жоқ еді. Жаман әдет жұққыш келеді демекші, батыстан басталған бұл үрдіс бізге жетті. Қазіргі уақытта қариялардың қадірі кетіп бара жатқандай немесе қарияларымызды өзіміз қадірлемейміз. «Атам қайда?» десе қарттар үйінде дейтін ұрпақтар өсіп келуде. Қарттар үйі кейбір ата-әжелер үшін қара шаңыраққа айналып барады. Қаншама қариялар

осы мемлекеттік мекемені пайдалануда. Бейнеттің зейнетін көріп, ақыл айтып отырар шағында өз балалары қарттар үйіне өткізуде. Ертеректе қартын қазынаға, ақсақалын абызға теңеген текті елдің ұрпағы қазір осы жағдайға баруда. Сонда біздің тектілігіміз қайда қалды? Осының бәрі түптеп келгенде имансыздықтың белгісі. Қартайғанда қарттар үйін мекендеген қариялар әр таңына үміттеніп қарап, «ұлым мені қашан алып кетеді, қашан немеремнің маңдайынан иіскеймін?» деген оймен жүреді. Қауқары кетіп, жасы келген адамдарға бұл үлкен соққы. Олардың қазіргі жағдайға түсуі әлсіздігі немесе дәрменсіздігі емес. Бұған безбұйрек ұлы мен қатыгез келіні себеп болып жатады. Қарттығын қарттар үйінде өткізіп жатқан қариялардың арманы балаларының қолында, өзінің қара шаңырағында, немерелерінің ортасында отыру. Жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған қарттар үйі текті қазағым қайдан келді? Ата-анасын бағудан бас тартқан безбұйрек балалар неге көбеюде?

Құрметті оқырман жастар! Көріге құрмет - бізге міндет екенін ұмытпайық. Ақсақалы сиреген ауылдан ар-иман қашады дейді. Иманымыз бен арымызға ие болайық!

Қарлығаш МЫРЗАБЕК,
1-курс студенті

Ясауи университеті

Редактор Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Тілшілер: Э.Артықбаева, Ф.Тәжібаев, Г.Қарабек және Журналистика бөлімінің студенттері

Фототілші: Елнұр Сердәлі, Нұритдин Исаков, Сүлейман Доған

Газет 1995 жылдан бастап айына 2 рет шығады

Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде 4.10.2010 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №11180-Г куәлігі берілген.

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. «Ясауи университетінде» жарияланған мақаланы көшіріп басқанда сілтеме жасалуы тиіс. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Мекен-жайы: ҚР, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов 29, Бас ғимарат, 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі 10-20. Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Газет «M-PRESS» ЖШС баспа үйінде басылды.

Мекен-жайы: ҚР, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 18-үй

Таралымы: 1000 дана
Тапсырыс нөмірі:

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ